

адамзаттың игілігі үшін пайдаланылады. Сондықтан этикалық қаржы жүйесінде несие пайызсыз берілумен қатар табысты клиентпен тең бөледі.

Исламдық қаржы жүйесінің болашағы зор деп білеміз. Өйткені, бұл жүйе тазалық пен сенімділікке негізделген және халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында қызмет атқарып отыр. Екіншіден этикалық қаржы нақты бір салаға яғни экономикаға негізделген болып табылады. Бұл қаржыландыру жүйесі арқылы елімізге тікелей инвестициялар тартыла бастады. Тікелей инвестиция дегеніміз – несие ретінде емес, серіктестік ретінде беріледі. Осындай инвестиция арқылы еліміздің және Үкіметтің сыртқы қарыздары көбеймейді. Дәстүрлі қаржы жүйесі бойынша тек қаржы секторы дамыса, исламдық қаржыландыру арқылы мемлекетіміздің жалпы экономикасы дамиды. Осыған орай тағы бір маңызды бағыттарының бірі микроэкономиканы, қызмет көрсетуді, ипотека секторын дамыту болып табылады. Бұлай деп айтуымыздың себебі, осы уақытқа дейін “Al - Hilal” банкі 23 млн доллар көлемінде құрылыс, сауда тағы басқа салаларда бірқатар жобаларды қаржыландырған. Сонымен қатар, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ мен «Al-Hilal» банкі бірігіп, ҮИИД бағдарламасы шеңберінде бірқатар жобаларды қаржыландыру және банктің меншікті капиталын 70 млн. долларға дейін арттыру қарастырылған. Мысалы, «ҚазАгроФинанс» жабдықтар мен АӨК үшін техникаларды лизингке алуға Ислам Даму банкінен (ИДБ) 30 млн. доллар көлемінде қарыз алды. ИДБ «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» көліктік жоба аясында 400 млн. доллар болатын қаражат бөлді [1].

Қазақстанда исламдық қаржыландырудың дамуы инвесторларға инвестициялаудың баламалы құралдарын ұсынады, жалпы алғанда, ел экономикасының қаржылық тұрақтылығына қолдау көрсетудің қосымша көздерін құруға мүмкіндік береді. Қазір исламдық қаржыландыру секторы – әлемдегі ең жылдам дамушы сектор. 2017 жылға исламдық қаржы институттарының активтерінің жалпы сомасы 1,5 трлн. долларға тең, өсу қарқыны да соңғы жылдары ерекше жоғары – жылына 15-20% құрап отыр.

Этикалық қаржы жүйесін бұдан әрмен қарай дамыту мақсатында елімізде түрлі шаралар жасалу керек. Исламдық қаржыландыру туралы оқу орталықтарының жұмыс атқару барысын жоғарлату керек. Сонымен қатар тиісті жобалар мен шараларды көбейту қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Құлманбай Ә. Исламдық қаржыландыру // Егемен Қазақстан. 2015. 25 тамыз.
2. Байдаулет Е.Ә. Этикалық (ислам) қаржыландыру негіздері: оқу құралы, Екібастұз, 2014. 312 б.
3. Исламское финансирование: теория, практика, вопросы регулирования: Учебник / под редакцией Е.А. Байдаулет. Павлодар. 2016. 428 с.

М.М. Конысбаева, К.Р. Киятбаева, научный руководитель А.К. Боранбаева
«Университет НАРХОЗ», Алматы, Казахстан
M.M. Konysbayeva, K.R. Kiyatbay, A.K. Boranbayeva
NARXOZ University, Kazakhstan, Almaty

Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысы және Қазақстандағы даму жағдайы

Financial business entity and development in Kazakhstan

Аннотация. В этой статье предусмотрена финансы предприятия и финансовые ресурсы. Также их взаимодействие в нашу экономику. Анализирована малый и средний бизнес в Казахстане.

Abstract. This article provides finance companies and financial resources. Also, their interaction in our economy. It analyzes the small and medium business in Kazakhstan.

Ключевые слова: финансы предприятий, финансовые ресурсы, финансовый план, МСБ

Keywords: Finances of enterprises, Financial resources, financial plan, small middle business

Жеке кәсіпкерлер - табыс алуға бағытталған, заңды және жеке тұлғалардың шаруашылық қызметін көрсетеді. Қаржы компаниялары қаржы-экономикалық субъектілердің негізі болып табылады, түрлі экономика секторларының кәсіпорындарында табысын қалыптастыру, бөлу және пайдалану үдерісін көрсетеді және бизнеспен тығыз байланысты. Қоғамдық өндірісте кәсіпорынның қаржысы бөлу қатынасын сипаттайды. Кәсіпорындардың қызметі жеке қаржылық айналымдарымен негізделеді, сондай-ақ кәсіпорынның жеке қаржылық қоры орталықтандырылмаған болып табылады.

Мемлекет кәсіпорындармен мемлекеттік бюджетті қалыптастыру арқылы, мемлекеттік бюджет кәсіпорынның, несиелік қарым қатынастаын реттеп, мемлекеттік субсидияны қамтамасыз ету арқылы қарым- қатынас жасайды.

Кәсіпорынның қаржысы өзінің бірінші және екінші бөлу және қайта бөлу қызметі арқылы ұлттық табысты қалыптастырады. Кәсіпорынның қаржысы ақшалай кірістер мен жинақтарды құру үдерісіне қатыса отырып ақша қаражаттарының кіріс көзін ұйымдастыруға, оларды бөлу және қайта бөлу мен бақылау қызметін қоса жүзеге асырады. Кәсіпорын материалдық өндірістің негізі болып табылады, онда жинақталатын ЖІӨ-нің және ұлттық табыстың негізгі үлесі құралады.

Кәсіпорынның қаржы ресурстарына оның иелігінде барлық қолма-қол ақша және кірістері кіреді. Компанияның қаржы ресурстарын қалыптастыру көздері меншікті және қарыз қаражаты болып табылады.

Қаржы ресурстарын қалыптастыру үшін:

- құру кезінде қалыптасатын жарғылық капиталы;
- табыс және амортизациямен байланысты түскен табыс;
- қаржы нарығында;

• сақтандыру компанияларындағы, концерндердегі, салалық құрылымдардағы өтемақылары сақталған қаражаттарын қайта бөлу негізіндегі ақша қаражаттарын кірістіреміз.

Кәсіпорынның қаржысы тиімді жұмыс істеуі үшін төмендегідей ұстанымдар міндетті болып табылады:

- түрлі меншік нысандары;
- кәсіпорынның бостандығы;
- нарықтық баға және бәсекелестік;
- өзін-өзі қаржыландыру;
- кәсіпорын қызметіндегі барлық субъектілердің экономикалық іс-әрекетін

заңи түрде қамтамасыз ету қажет.

Кәсіпорынның қаржылық ресурстары келесідей бөліктерге жұмсалады:

- Қаржылық міндеттерді орындау – бюджеттік салықтарға, несиенің пайыздық төлемдеріне, сақтандыру төлемдеріне.
- күрделі шығындарға инвестициялау кәсіпорынның өндірістік-техникалық жаңаруына жұмсалады;
- бағалы қағаздарға инвестициялауға
- ынталандырылған ақшалай қаражат қорын қалыптастыру және әлеуметтік сипаттарға;
- қайырымдылық, демеушілік
- жарғысында айқындалған пайдаға нормативтік аударымдарға арналған резервтерге жұмсалады.

Кәсіпорында қаржы басқару мынадай элементтерін қамтиды: қаржылық жоспарлау, жедел басқару, қаржылық бақылау.

Кәсіпорындар қызметкерлердің жалақысын және өндіріс құралдарын сатып алу үшін қарыз қаражатына қалай ұтымды пайдалану туралы шешімді өздігінен қабылдап, өндірістік факторлар ескере отырып өнімді шығаруға, нарықтық жағдайды және клиенттердің сұранысын анықтайды.

Шағын, орта және ірі бизнес субъектілері ҚР Заңына сәйкес «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» есеп негізінде жүргізеді. Сонымен қатар, әрбір кәсіпорын есеп саясаты арқылы жеке әдістері мен ережелерін, қызмет ерекшеліктерін таңдай алады.

Нарықтық экономикалық жағдайда кәсіпорын иелері өздері жіберген зияндарын, контрагенттермен келісім шарттағы қабылданған міндеттемелердің орындалмауына өздері жауап береді. Кәсіпорын қаржысы ақша-қаражаттары мен қорларын қалыптастыруға байланысты қарым-қатынастар жиынтығын қамтиды.

Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері жеке көрсеткіштер бойынша пайдалар мен зияндар туралы есепте бейнеленеді. Бұдан басқа ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп жасалады:

- Операциялық қызметтен (шаруашылық жүргізуші субъектінің негізгі қызметін сипаттайды)
- инвестициялық қызметтен (ұзақ мерзімді активтердің құрамы мен мөлшеріндегі өзгерістерді тудыратын)
- қаржылық қызметтен (меншікті капитал мен қарыз қаражаттарының құрамы мен мөлшеріндегі өзгерістерді тудыратын).



Сурет 1. Экономикалық қызмет түрі бойынша белсенді ШОК субъектілері санының құрылымы

1-ші суретте көрсетілгендей ШОК-дің 38% көтерме және бөлшек саудамен айналысуда, бірақ шет мемлекеттер сынды өнім өндірісі мен инновациялық технологияларды шығару салалары аздық етеді. Сондықтан да ел экономикасында жұмыс орындары мен тауарлардың қымбатталуы мен импорттық өнімдердің көбеюіне жол береді.

Кесте 1. Белсенді ШОК субъектілерінің саны

	2013	2014	2015
Қазақстан Республикасы	888,2	926,8	962,2
Ақмола	35,1	36,3	36,1
Ақтөбе	39,3	41,2	42,3
Алматы	95,9	96,4	98,0
Атырау	33,4	35,6	36,5
Батыс Қазақстан	30,3	31,4	32,7
Жамбыл	43,7	45,7	46,8
Қарағанды	63,8	67,6	68,4
Қостанай	45,1	46,1	46,4
Қызылорда	27,3	30,4	31,5
Маңғыстау	32,8	35,6	34,8
Оңтүстік Қазақстан	125,7	126,8	141,6
Павлодар	33,8	35,3	35,9
Солтүстік Қазақстан	25,8	25,9	24,4
Шығыс Қазақстан	78,0	79,9	81,4
Астана қаласы	58,8	64,5	70,4
Алматы қаласы	119,4	128,1	134,9

Кесте бойынша 2013 жылдан 2015 жылға дейінгі көрсеткіштерді салыстыра отырып, ШОК субъектілерінің саны 8%-ға, яғни 74 кәсіпорынға өскен. Ал

Қазақстандағы облыстар арасында жеке талдасақ: ең үлкен көрсеткіш Алматы қаласы облысында, яғни 11,2%-ға өскен. Екінші орында Оңтүстік Қазақстан: 11,4%-ға өскен. Қорыта келе, белсенді ШОК субъектілерінің сандары өсіп келеді. Оған себеп мемлекет тарапынан қолдаулар көрсетіліп отыр. Зиялы мамандарды шақырту және оларды қолдау арқылы бірқатар өзекті мәселелердің шешімі табылып отандық ШОК субъектілерінің саны артып, экономикамыздың дамуына оң әсер еткен.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Серкебаева Р.К., Смагулова Р.У. Финансы Алматы, 2014. 321 с.

П. Кузьмин, научный руководитель *А.К. Саурукова*
Казахская академия труда и социальных отношений
Алматы, Казахстан
Kuzmin P., Saurukova A.K, Almaty, Kazakhstan
aika_s08@mail.ru

Анализ инновационного потенциала экономики Республики Казахстан Analysis of the innovation potential of the economy of the Republic of Kazakhstan

Аннотация. В статье раскрывается современное состояние инновационного потенциала экономики Казахстана, а именно реальный сектор

Abstract. The modern state innovation potential of economy of Kazakhstan opens up in the article, namely the real sector

Ключевые слова: инновационный потенциал, государственное регулирование, ВВП, реальный сектор экономики, открытая экономика

Keywords: innovation potential, government control, IGP, real sector of economy, open economy

Модель сегодняшних преобразований в Республике Казахстан характеризует две главные особенности, характерные как для внутренней, так и для внешней экономической политики. Первая особенность – курс на формирование социально ориентированной рыночной экономики и создание системы государственного регулирования социально-экономической системы. Вторая особенность состоит в активной позиции государства в отношении расширения экономического пространства в рамках СНГ, развитии интеграционных процессов, создании межгосударственных органов, координирующих экономическую политику участников содружества. Как отмечал Президент страны в Послании народу Казахстана, «государство в экономике должно играть существенную роль, создавая законные рамки рынка, в котором первую скрипку играет частный сектор» [1].

Инновационный потенциал экономики Казахстана представляет собой сложный комплекс отраслей, среди которых особое место традиционно принадлежит промышленности. Под действием научно-инновационного потенциала в промышленном комплексе происходят такие позитивные трансформационные тенденции: